



ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ

№98
(2269)
Сенбі
7 желтоқсан
2024 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АЙМАҚ БАСШЫСЫ ИСПАНДЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Испанияға жұмыс сапары кезінде Барселона қаласында инвесторлармен кездесті. Облыстан арнайы барған делегация «Glovo» компаниясының халықаралық байланыстар жөніндегі директоры Вильям Бентхоллмен жүздесіп, курьерлік қызмет саласында бірлесіп жұмыс жасау ниетін білдірді.

«Бүгінде уақыт тығыз болғандықтан, курьерлік қызмет қарқынды дамып, сұраныс күннен күнге артуда. Оның ішінде «Glovo» компаниясының қызмет сапасы біз үшін өте қолайлы. Қазақстан нарығында 5 жылдан астам уақыттан бері жұмыс істейтін бұл компания еліміздің 14 ірі қаласында шоғырланған. Қызылорда да халықтың 50%-ы сіздің компанияны таңдайды.

Қызылорда облысы Қазақстан Республикасының оңтүстік-батысында орналасқан. Әріптестік пен инвестициялар үшін өте қолайлы, қарқынды даму сатысындағы өңір. Көлік-логистикалық әлеуеті, инфрақұрылым желілері дамыған. Минералдық-шикізат ресурстарының қоры бай, агроөнеркәсіптік кешенді және жаңартылатын энергия көздерін да-

мыту мүмкіндіктері зор.

Еліміздегі қара және түсті металдардың, пайдалы қазбалардың, сирек кездесетін элементтердің, атап айтқанда, ванадий қорының 66%-ы, мырыштың 16%-ы, қорғасынның 11%-ы және уранның 15%-ы облыс аумағында орналасқан. «Glovo» сияқты беделді серіктеспен жұмыс істеу жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Біз Қызылорда облысында бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін барлық жағдайды жасауға дайынбыз», – деді Н.Нәлібаев.

Әрі қарай Salinera Espanola тұз өндіретін компания өкілімен онлайн кездесу өтті. Әңгімелесу барысында Қызылорда облысының Арал ауданындағы тұз өндірісінің тарихы бір ғасырға жуықтап қалғаны, «Аралтұз» АҚ-ның еліміздегі ең ірі ас және техникалық тұз өндірушісі әрі экспорттаушы кәсіпорын екені айтылды. Оған қоса, өңірде «Алтын орда» тұз өндіруші серіктестігі бар. Қазақстандық тұздың 90%-ы Қызылорда облысында өндіріледі.

Сондай-ақ, «Абзал және К» ТС өкілі Сағидолла Сыздықов «Gro in Desarrollos» ауыл шаруашылығын цифрландыру қондырғыларын шығаратын компаниямен меморандумға қол қойды.

ҚР ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІНДЕ «СЫР ӨңІРІ - ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ» АТТЫ ЖЫЛЖЫМАЛЫ КӨРМЕ АШЫЛДЫ

Астанада «Руханият» жылы аясында аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен «Сыр өңірі – Түркі өркениетінің алтын бесігі» атты жылжымалы көрмесі ұйымдастырылды.

Көрмеге ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мәдениет комитетінің төрағасы Күміс Сейітова, облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова, Қазақстандағы Түркия Елшісінің орынбасары Орхан Барыш Сөнмез, Назарбаев университетінің тарихшы ғалымдары, уақын-жазушылар, шығармашылық және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Шара барысында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы Күміс Қарсақбайқызы, облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Асқарұлы сөз сөйлеп, Сыр өңірінің тарихы мен музей экспонаттарының құндылығына тоқталды. Ұлттық музей ұжымына облыс әкімінің Алғысы табысталды.

Сыр өңірінің тарихын баяндайтын көрмеге ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енген Қорқыт Ата мұрасы, XIX-XX ғасырларда Сыр бойы қазақтары пайдаланған құнды этнографиялық бұйымдар, музей қорындағы теңдесі жоқ зергерлік

бұйымдар коллекциясы қойылды.

Сыр елінен шыққан белгілі тұлғалардың домбыралар коллекциясы және «Алтын домбыра», жаңғырған жәдігерлер, С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы қорында сақталған қылқалам шеберлерінің 40-қа жуық картиналары да әкелінді.

Сонымен қатар, өткен жылы жасалған «Шірік Рабат сақ жауынгері», «Сығанақ ханшайымы» реконструкциясы және биыл қайта жаңғыртудан өткен «Түгіскен көсемі» мен «Жетіасар ақсүйек әйелі» алтын жәдігерлері көпшілік назарына ұсынылды.


Көрмеге келушілер оғыздардың астанасы болған Жанкент қалашығынан табылған қыш дастарханды, саптыаяқтар коллекциясын, қыш қазандықты, керамикалық ыдыстарды, ортағасырлық Қышқаладан табылған глазурлі қаптамаларын қызықтады.

Бұған қоса, Шірік Рабат, Сығанақ, Түгіскен, Жетіасар, Жанкент, Қышқала, Асанас қалашықтарына жүргізілген кешенді археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі туралы көпшіліктің танып-білуіне мүмкіндік жасалды.

Көрмені ҚР Ұлттық музейінен 19 желтоқсанға дейін тамашалай аласыз-дар.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫМЕН БІРЛЕСЕ ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛДІ



«AMANAT» партиясы Қазалы аудандық филиалының партиялық бақылау комиссиясы Қызылорда облысының бақылау жөніндегі басқармасымен бірлесе аудандағы бірқатар құрылыс нысандарына мониторинг жұмыстарын жүргізді. Оған облыстық бақылау жөніндегі басқарма басшысы Ғанижан Қалиев, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, аудандық мәслихаттың депутаты Әділбек Сарабеков және комиссия мүшесі, аудандық мәслихаттың депутаты Райымбек Бөлебаев қатысты.

Мониторинг жұмыстары ең алдымен Жаңқожа батыр аулында салынып жатқан «Жайлы мектеп» құрылысына жүргізілді. Құрылыс жұмыстарымен «Асар» ЖШС айналысуда. Негізгі атқарылып жатқан жұмыстар ішкі әрлеу, сыртқы абаттандыру және тағы басқа. Жалпы құрылыс басында 170 адам жұмыс істеуде.

Сондай-ақ зерделеу аудан орталығындағы «Руханият» орталығы мен «Жеңіс» саябағында салынып жатқан спорт кешені құрылысына, кентішілік күрделі жол жөндеу, орталық алаңды және Жаңқожа батыр көшесі бойын абаттандыру жұмыстарымен жалғасты.

Мониторинг барысында мердігер мекемелерге құрылысты бекітілген кестеге сәйкес жүргізілу қажеттігі, техникалық, авторлық қадағалаушыларға құрылыс нысандарына бақылауды күшейту керектігі ескертілді.

●Баспасөз - 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары! Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2025 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

БАЛАҒЫЗДЫҢ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ ӨСУІ – АТА-АНАНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

/Ата-аналарға арналған кеңес/

«Шаттығы шалқып, бақыты тасыған, қарты сыйлы, қаймағы бұзылмаған қазыналы отбасым болса, сол отбасында салықалы перзентім болса» - деп армандамайтын ата-ана кемде-кем.

Бала тәрбиесі ата-ананың басты міндеті. Әр ата-ана баласының ақылды, мейірімді, жақсы адам болып өсуін қалайды, бірақ баласына лайықты тәрбие беруге бәрі бірдей дайын емес. Бала тәрбиесі өте көп уақытты қажет ететін процесс және ата-анадан үлкен күш пен шыдамдылықты талап етеді.

Бала тәрбиесіне көңіл бөлмеген, яғни, бала өмірдің қуанышына емес, ауыртпалығы деп санайтын отбасыларда баланың жағдайы әлдеқайда нашар. Нашар дейтін себебім, бала ата-анасының өзіне деген көңілін, ықыласын, махаббатын көрмей өссе, оның ішкі жандуына үңілмесе, баланың жағдайы қайдан оңалады?

«Бір әкенің берген тәрбиесін, мың мектеп ауыстыра алмайды» деген аталы сөзіміз бар. Қазіргі күнде көптеген ата-аналар «баламның тамағын тауып берсем, киімін тауып берсем» - деген мақсатта болып, бала тәрбиесіне мән бермейтін жағдайлар өте көп. Бала тәрбиесі тек қана тамақтың тоқтығы мен киімнің көктігімен шектелмейтін барлық ата-ана түсінсе екен деймін.

Менің ата-аналарға айтар бір кеңесім – балаға ең бірінші рухани құндылық тәрбиесін беру керек. Материалдық өмір мен (баланың киім-кешегі, керек-жарағы, тамағы) рухани әлем арасында баланс болу керек.

Рухани әлемге не кіреді? Бұл

деген- үлкеннің алдын кеспеу, адамдарға жылы сөйлеу, өтірік айтпау, мақтанбау, тағы басқа.

Әр күн сайын балаңыздың бір күні қалай өткенін, болған жайттарға байланысты балаңыздың пікірін тыңдау, еркін, ашық түрде әңгімелесу ата-ана мен бала арасындағы жақындыққа жол ашады. Жақындық бар жерде баланың жарқын болашағы да болады. Сондай-ақ, баланың зорлық-зомбылықсыз өсуіне де тікелей оң ықпалы тиері сөзсіз. Әрбір ата-анаға баласының зорлық-зомбылықсыз өсуі үшін бірнеше негізгі қағидалар мен тәсілдерді атап өткім келеді:

1. Қауіпсіз орта жасау.

Баланың психикалық және физикалық қауіпсіздігі өте маңызды. Үйде тыныштық, құрмет, және сенімділік болуы керек. Балалар өздерін қауіпсіз сезінетін отбасында жақсы дамиды.

2. Қ а р ы м - қ а т ы н а с т ы ң ашықтығы.

Балалармен ашық және құрметті қарым-қатынас орнату қажет. Олардың сезімдерін тыңдап, түсіністікпен қарап, ойын білдіруіне мүмкіндік беру өте маңызды.

3. Жақсы үлгі көрсету.

Бала үлкендердің әрекеттерін, сөздерін және қарым-қатынастарын үлгі тұтады. Егер ата-аналар немесе тәрбиешілер зорлық-зомбылыққа, ұрыс-керіс пен теріс әрекеттерге жол бермесе, бала да осындай құндылықтарды меңгереді.

4. Эмоционалды қолдау көрсету.

Баланың эмоцияларына түсіністікпен қарау және оларды дұрыс басқаруға үйрету қажет. Балалар эмоцияларымен

бөлісіп, оларды түсінген кезде өзін жақсы сезінеді.

5. Әділ және сүйіспеншілікпен тәрбие беру.

Тәрбиелеу кезінде сүйіспеншілік, әділдік және түсіністік өте маңызды. Қаталдық немесе әділетсіздік баланың өзіне деген сенімділігін төмендетеді, ал сүйіспеншілік пен құрмет оған өзін қадірлеуге үйретеді.

6. Денсаулықты қолдау.

Баланың денсаулығы үшін дұрыс тамақтану, физикалық белсенділік, ұйқының жеткілікті болуы және стресстен қорғау маңызды. Баланың физикалық жағдайы оның психологиялық дамуына да әсер етеді.

7. Баланы өзін-өзі бақылауға үйрету.

Баланы өзінің мінез-құлқын басқаруға үйрету, жауапкершілік пен өзіндік тәртіпке ұмтылуына мүмкіндік береді. Бұл үшін мысалы, эмоциялық интеллектіні дамыту, қиын жағдайларда шешім қабылдай білу, сабыр сақтау сияқты дағдыларды үйрету қажет.

8. Мектеп және қоғамдағы қолдау.

Баланың қоршаған ортасы да оның өсуіне әсер етеді. Баланы мектепте, достарымен және жалпы қоғамда қауіпсіз әрі қолдаушы ортада болуын қамтамасыз ету қажет.

Бұл принциптер балалардың з о р л ы қ - з о м б ы л ы қ с ы з , сүйіспеншілікке толы, бейбітшілік пен тыныштықта өсуіне жағдай жасайды.

Өкінішке орай, соңғы жылдары тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының саны артып келеді. Статистика көрсеткендей, елімізде жыл сайын әртүрлі жастағы 17 мыңға

жуық бала зорлық-зомбылық қылмысының құрбаны болады.

Жыл сайын екі миллионға жуық бала ата-анасынан таяқ жейді, олардың 10 мыңнан астамы. кәмелетке толмағандар өздеріне қарсы жасалған қылмыстардың салдарынан мүгедек болып қалады.

Балаларына зорлық-зомбылық көрсететін көптеген ата-аналар мұндай фактілерді білмейді:

- дене жазасы балалардың бойындағы ең жақсы қасиеттерді тұншықтырып, өтірік пен екіжүзділіктің, қорқақтық пен қатыгездіктің дамуына ықпал етеді, үлкендерге ашу мен өшпенділік туғызады;

- ұрып-соққан балалардың адам өлтіру немесе басқа қылмыстар жасау ықтималдығы жоғары;

- ондай балалар есейгенде, өз балаларын да, ата-аналарын да мазалауы әбден мүмкін;

Дөрекі, қатыгездікте өскен балақылмыс жасауға бейім болады. Егер сіздің балаңыз бұзық немесе тәртіпсіз болса, оны жазалауға асықпаңыз. Баланың қателігін түсіну үшін оған дұрыс түсінік беру, оны дұрыс жолға салу маңызды. Сондай-ақ, баланың іс-әрекетінің артында психологиялық, эмоциялық немесе басқа да себептер болуы мүмкін, сол себепті жазалаудың орнына түсіндіру мен қолдау көрсету маңызды. Әсіресе, ата-ананың қолдауы басты рөл атқарады. Сондықтан да балаңыздың зорлық-зомбылықсыз өсуі тікелей ата-ана міндеті екенін қаперімізден шығармайық!

Гүлназ ТАҢАТОВА,
Қазалы аграрлы -техникалық колледжінің әлеуметтік педагогы

● Маманның кеңесі

САПАЛЫ ТАҒАМ ТҰТЫНЫҢЫЗ!

Халықты сапалы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету қазіргі таңдағы басты өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Аурудың алдын-алу және халық денсаулығын нығайту отандық денсаулық сақтау саласының басты бағыттағы жұмыстарының бірі және бұл бағыттағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы негізгі шара-халықтың қауіпсіз тағаммен тамақтануы болып табылады. Дұрыс тамақтанбау және тағам сапасының төмен болуы көптеген ішек аурулардың туындауына, соның ішінде бала тууының төмендеуіне, адамның өмір жасының қысқаруына, өлім-жітімнің көбеюіне әкеліп соғады.

Азық-түлік шикізаты және өңделген өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін шешу проблемасы – Қазақстан халқының салауатты тамақтану саласындағы мемлекет саясатының концепциясын іске асыру жөніндегі басым бағыттардың бірі болып табылады. Азық-түлік тауарларының сапасын қалыптастырудың

негізгі ұстанымдарының ішінде олардың қауіпсіздігін, адамға тағайындалатын тағамға сәйкес өнімнің тағамдық құндылығын атап кеткен жөн. Өнімнің сыртқы түріне, органолептикалық көрсеткіштері, қаптамасы, сапасы туралы тұтынушыға арналған ақпаратқа және өнімнің қолданылу бағытына үлкен мән беріледі.

Азық-түлік шикізаты мен тағам өнімдерінің сапасын және қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз ету жұмыстары өндірістік, мекемелік, мемлекеттік және қоғамдық деңгейлерде жүзеге асырылады. Сапаны бақылауды қамтамасыз етудің маңызды құралына өнімді таңбалау жатады, бұл тұрғыда оны Еуропа және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес өзгерту қажеттілігін атап кеткен жөн. Қарастырылып отырған проблеманы шешуде, басыңқы (приоритетті) ластағыштармен олардың түсу деңгейін анықтау мақсатында, азық-түлік шикізаты мен тағам өнімдерінің

химиялық және биологиялық текті ксенобиотиктермен ластануына байланысты тұрақты тексеріс жүргізу қызметі үлкен мәнге ие болып отыр. Салауатты тамақтану саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты – халық денсаулығын сақтау және нығайту, балалармен ересектердің дұрыс тамақтанбауынан туындайтын аурулардың алдын алу. Әрбір адамның азық-түлік заттарын дұрыс пайдалануы денсаулықты нығайтуға көмектеседі. Дұрыс тамақтану денсаулықтың және ұзақ өмір сүрудің басты факторы болып табылады.

Дұрыс тамақтанудың негізгі шарттары:

1. Тағамның құрамында негізгі қоректік заттар (белок, көмірсу, май) болуы тиіс.

2. Тамақ рационалында (дәрумендер, тағамдық талшықтар) болуы тиіс.

3. Тамақ нәрлілігінің адамның жасына, мамандығына, денсаулық күйіне, табиғи-климаттық жағдайларына сәйкестігі.

4. Тәулік бойы тамақтану тәртібін, мөлшерін сақтау.

5. Тағамдар санитарлық-гигиена талаптарына сәйкес болуы керек.

Сан алуан азық-түліктердің ішінен өзімізге пайдалы, дәрумендерге бай, құрамында жасанды бояғыштар мен канцерогенді заттары жоқ тағамды таңдау үшін тұтынушы таңдау жағынан сауатты болғаны дұрыс. Қандай да тағамды сатып алмас бұрын, сыртқы қорасына, сақталуына назар аударып, құрамдағы компоненттерімен танысып алу қажет. Кеден Одағының Техникалық регламентінің 022/2011 «Азық-түліктердің таңбалануы туралы» бөлігіне сәйкес, сатушы Сізге тауар туралы толық, әрі нақты ақпаратты беруге міндетті.

Сапалы азық – денсаулық кепілі екенін ұмытпайық!

Жансая ЗИНЕЛАБДИН,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы

ЖҰМЫС БЕРУШІ ЖҰМЫСКЕР ЕҢБЕК (ҚЫЗМЕТТІК) МІНДЕТТЕРІН АТҚАРҒАН КЕЗДЕ ОНЫ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН САҚТАНДЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТҮСІНДІРМЕ

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің (әрі қарай – Кодекс) 23- бабының 2-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, жұмыс беруші жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруға міндетті.

Кәсіпкерлік субъектілері - жұмыс берушілер тарапынан жұмыскерлердің еңбек жағдайын жақсарту және еңбек қауіпсіздігінің сақталуын қамтамасыз ету шаралары маңызды болып табылады.

Кодекстің 182-бабы 2-тармағының 14) тармақшасына сәйкес, жұмыс беруші жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруға және жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы мәліметті еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға жіберуге міндетті.

Кодекстің 196-бабының 2-тармағына сәйкес, мемлекеттік органдар мемлекеттік еңбек инспекторына Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерін орындауына жәрдемдесуге міндетті.

Осы орайда, заң бұзушылықтардың алдын алу және жою мақсатында («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 230-бабы 2-тармағы) қолданыстағы заң талаптарына сәйкес ірі және орта, шағын кәсіпорындар (жұмыс берушілер) жұмыскерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу қажет.

Бұл жөнінде толық ақпарат алу үшін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің 23-2-62 немесе 26-0-14 байланыс телефонына хабарласуға болады.

**Аудандық жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі**

ЕКПЕ АЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ҚАЖЕТТІЛІГІ

Соңғы жылдары ауданымызда балаларына жұқпалы ауруларға қарсы профилактикалық екпе салдырмай, бас тартып жүрген ата-аналар қатары жиілеп келеді. Екпе жайлы қазіргі таңда барлық ата-аналардың хабары бар. Алайда, баланы егуге алып келген кезде әртүрлі сенімсіз жағдайлар туындайды. Бұл сенімсіздіктің өз себебі бар. Өйткені қазіргі таңда балаларымызда екпе арқылы қорғайтын жұқпалы аурулар мүлдем кездеспейді. Осыдан 30-40 жыл бұрын ата-аналарға қызылша мен күлдің (дифтерия) қауіптілігі жайлы айтудың қажеті болмады. Ал көкжөтелдің ауыр жөтелі әрбір қала мен ауыл ауласынан естілетін. Сал ауруының ауыр асқынуы болып табылатын мүгедектіктен қорқыныш әрбір ата-ананың көкейтесті мәселесі болды.

Бұл тек Қазақстанда емес. Дүниежүзінде де кездесті. Жоғарыда айтып отырған ауруларымыздың барлығы екпемен (вакцинация) басқарылатын аурулар. 1980 жылдары дүниежүзі бойынша шешек (оспа) ауруы мүлде жойылды, оған себеп – екпе. Осындай аурулардан қорғанудың басты жолы 95-100 пайыз алдын ала екпемен қамту екені дәлелденген. Сондықтан елімізде бұл жағдай жолға қойылған.

Бүгінде жер шарында екпе арқылы миллиондаған бала өлімнен, мүгедектіктен аман қалуда. Жұқпалы ауруларға қарсы екпенің қажеттілігі болмаса, қолданысқа енбес еді.

Қауіпті дерттерге қарсы екпе егу жұмыстары әлемдік тәжірибеге еніп отыр. Осыған орай, сәби өмірге келген сәттен бастап белгілі мерзім ішінде түрлі аурулардың алдын алу, жұқпалы дерттерден сақтануды қамтамасыз ету үшін иммундау шаралары қолға алынды. Оның пайдасы мен қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстары әлі де жүргізіліп келеді. Елімізде иммундау шаралары баланың жарық дүние есігін ашқан сәтінен бастап 6 жасқа толғанға

дейін кестеге сай жүргізіледі. Ата-анасының рұқсатынсыз балаға екпе салынбайды. Екпені алдын ала арнайы оқытылған медициналық маман тек жұқпалы ауруларға қарсы жүргізуге рұқсат берілген егу бөлмелерінде жүргізеді. Бүгінде пайдаланылып отырған екпе – белгілі бір жұқпалы аурулардың өлі немесе әлсіретілген қоздырғыш микроорганизмдерінен жасалған препарат екенін тағы да нақтылаймыз. Олардың шығарылу тәртібіне қатаң талап қойылып, оның зиянсыздығына, қауіпсіздігіне және тиімділігіне зертханалық, клиникалық тексерулер өткізіледі.

Елімізде жұқпалы аурудың 16 түріне атап айтқанда: қызылша, қызылша, шошқа мойын, вирусты гепатит А, вирусты В гепатитіне қарсы, құрғас, сіріспе, көкжөтел, сал ауруы, гемофильді инфекция, пневмококкты инфекция, тұмау, құтыру, туберкулез, оба, іш сүзегіне қарсы екпелер тегін жүргізіліп келеді, биылғы 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап (АПВ) адам папилломасы вирусына қарсы екпесі қосылып, жұқпалы аурулардың 17 түріне Ұлттық күнтізбесіне ендірілді. Дүние жүзі бойынша осы жұқпалы аурулардың кесірінен мыңдаған адамдар көз жұмады екен.

Дана халқымыз «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қағиданы берік ұстанған, халық денсаулығы – ұлт байлығы. Ал, халық өз денсаулығына салғырттық танытпауы қажет. Сонда ғана дені сау ұрпақ қалыптасады. Балаларыңыздың уақытылы кестеге сәйкес жұқпалы ауруларға қарсы екпе алуын қадағалаңыздар.

**Саракүл ШҮКІРАЛИЕВА,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бас маманы**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазалы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» МҚМ-гі «Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Ү. Түктібаев елді-мекенінде кварталішілік газ желілерін салу құрылысы» жұмыс жобасына ҚОҚБ бөлімін көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz/> және «Батыс – Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» МҚМ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru> танысуға болады.

Көпшілік талқылау 18.12.2024 ж. мен 24.12.2024 ж. аралығында бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар осы күндер аралығында бірыңғай экологиялық порталда қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы – «Қазалы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» МҚМ, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қашақбай Пірімов көшесі, 5А үй, тел.: 8(775)4132434.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «Экопроект» ЖК, Орал қ, Құрманғазы көшесі, 210 үй, 69 офісі, тел.: 8 (775)4132434.

Порталға сілтеме: <https://ecoportal.kz> <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru>

Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде межеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ межеленіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: patimacaid@mail.ru немесе тел. 87754132434 арқылы алуға болады.

ЖАО жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты – "Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" МҚМ, телефоны 8/7242/60-53-62.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

КГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Казалинского района» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений раздела ООС к РП «Строительство внутриквартальных газовых сетей в населенном пункте У.Туктибаев Казалинского района Кызылординской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz/> и на сайт «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по ЗКО» <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Публичные обсуждения состоятся с 18.12.2024г. по 24.12.2024г. на сайте Единый Экологический портал.

Все замечания и предложения принимаются в эти дни на Едином Экологическом портале. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Инициатор – КГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Казалинского района», Кызылординская область, Казалинский район, поселок Айтеке Би, ул. Кашақбай Примов, д. 5А тел.: 8(775)4132434.

Разработчик проектной документации ИП «Экопроект», г. Уральск, ул. Курмангазы 210, оф. 69, тел.: 8 (775)4132434.

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, при проведении публичных слушания, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности по электронному адресу patimacaid@mail.ru или по тел. 87754132434).

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области», телефон 8/7242/60-53-62.

● Хабарландыру

● Пікір

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ ТҰТЫНУШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Электр энергетикасы саласындағы ҚР Заңдылықтарына енгізілген өзгерістер негізінде («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылу энергетикасы, электр энергетикасы және реттеліп көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 8 шілдедегі № 121-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы) энергиямен жабдықтаушы мекемелер «Энергосервис» ЕЖШС, «Шиелі жарығы» ЖШС және «Дәулетэнерго» ЖШС энергиямен жабдықтау бойынша өз қызметтерін 01.01.2025 жылдан бастап тоқтатады, және 01.01.2025 жылдан бастап Қызылорда облысының тұтынушыларын энергиямен жабдықтау функциясы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-на өтеді.

Осыған байланысты, электр энергиясының тұтынушыларына

31.12.2024 жылға дейін «ҚЭТТК» АҚ-мен энергиямен жабдықтау шартын жасасу қажет.

Тұрмыстық тұтынушылар үшін энергиямен жабдықтау шарты жариялы болғандықтан (ҚР Азаматтық Кодексінің 387 бабы) келісім-шарт БАҚ арқылы жарияланады.

Бюджеттік ұйымдар 2024 жылдың соңына дейін «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 39-бабы 3-тармағының 1-тармақшасына сәйкес «ҚЭТТК» АҚ-мен 2025 жылға арналған электр энергиясын сатып алуға тікелей шарт жасау арқылы «бір көзден алу» тәсілімен мемлекеттік сатып алу шартын жасауға құқылы екендігін назарға саламыз.

«ҚЭТТК» АҚ-ының аудандық бөлімшесі офисінің мекен-жайы:

Әйтекеби кенті, Бөрікұлов көшесі, №102.

«ҚЭТТК» АҚ Қазалы АЭТ әкімшілігінің анықтама телефоны: 8(72438) 22-8-33

ӘКЕ ҚАБІРІН КӨРСЕТПЕУДІҢ МӘНІ НЕДЕ?

Қазіргі «Ақсуат» аулында Орынбасар Нұржаубаев есімді менен бес- алты жас үлкен азамат тұрды. Орекеңнің он бес жыл бұрынғы айтқан әңгімесі әлі есімде.

-Әкем Нұржаубай менің екі жасымда Жаңақазалы кентінде қайтыс болыпты. Анам Ұрымқан менен үлкен екі қызымен мені асыраудың қамымен көп жыл Қазалы қой совхозының №3 фермасының орталығында еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. Екі апам бойжеткен соң тұрмысқа шығып кетті.

Мен төрт жылдық бастауыш мектепті №3 фермадағы мектепте, кейін №100 мектепте оқып орта білім алдым. Бозбала кезімде анамнан әкем қашан қайтыс болды және қабірі қай жерде деп сұрайтынмын. Ол кісі әкең Жаңақазалы кентіндегі Мұратбаев атындағы колхозға баратын жолдың оң қапталындағы қорымда, «Ақарық» каналына жақын дейтін. Әкемнің қабірін көрсетші десе, кейін көрсетем деумен шектелетін. Не себебі барын білмедім. Әкемнің қабірін білетін

туыстарымызға да «Әкесінің моласын көрсете көрмеңдер, ол шал өзі өлгенімен тұрмай жалғыз баламды да алып кетер»-деп қатаң түрде тапсыратын.

Үйлендім, бала шағалы болдым, есейдім, жігіт ағасы дәрежесіне де жеттім. Анам қартайып өмірден озды. Немерелерім мен балдарымда аталарының қабірін сұрайтын болды. Апаларым да қорымдағы әкемнің орнын нақты айта алмады. Сондықтан үлкен қорымның шет жағына әкемнің аты жөнін жазып құлып- тас қойдым. «Ақсуат» аулының орталығынан 1990 жылдары «Нұржаубай» атты автокөлікке май құю бекетін ашып едім. Оныда түрлі себептермен жабуыма тура келді,-деді О.Наурызбаев.

Діни сауатсыздықпа, әлде кейбір қазақи ұстанымдардың ықпалы ма баласына әке қабірін көрсетпеудің мәнісін түсіне алмадық. Ал, Орынбасар осыдан төрт, бес жыл бұрын өмірден озды.

**Беганыш
ЖАҚСЫБАЙ,
Әйтеке би кенті**

ДӘСТҮР, МӘДЕНИЕТ, РУХАНИЯТ

«Қазалы ауданы тұрғындары арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында қарсы насихаттық шараларды жүзеге асыру» әлеуметтік жобасы бойынша аудан көлемінде 35 жасқа дейінгі жастардың қатысуымен ұлттық құндылықтарды

насихаттауға арналған «Дәстүр, Мәдениет, Руханият» тақырыбында бейнеролик дайындау сайысы өтті.

С а й ы с т а қ а т ы с у ш ы л а р д ы ң д а й ы н д а ғ а н бейнероликтерін қазылар алқасы сарапқа салып, жеңімпаз жастарды анықтады.

Бейнеролик дайындау сайысының қ о р т ы н д ы с ы н д а Бақытжан Асылжан Жәліұлы – 50 000 теңге, Оңбосынұлы Аян –30 000 теңге, Ержан Тәженов – 20 000 теңге қаржылай сыйлықтармен марапатталды. Сайысқа қатысқан барлық қатысушыларға алғыс хат берілді.



«Қазалы ынтымағы» қоғамдық бірлестігі

40 КҮНДІК АСЫНА ШАҚЫРАМЫЗ

Ісіне қарсы келер кім Алланың, Аманат ажал келсе шығар жаның. Әкеден айырылу қандай қиын, Басқандай айналаңның тұман бәрін. Келетін Әкеміз жоқ күліп күнде, Боларын дәл осылай біліппін бе? Қара жер, қабір - мәңгі мекеніңе, Барғалы өтті, Әкешім, қырық күн де. Құрметті ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, дос-жаран және барша көзкерген жамағат!

Сіздерді аяулы жар, асқар тау әке, мейірімді ата болған Сражадинұлы Мнажадиннің 40 күндік асына шақырамыз!

Өтетін күні: 13 желтоқсан, сағат: 12-00

Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, "Наурыз" мейрамханасы

Шақырушы: Өтеевтер әулеті

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.